## 2004 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында "Орталық-Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламентарийлерінің кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 4 мамырдағы N 129-ө өкімі

2004 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында "Орталық-Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламентарийлерінің кездесуін өткізуге дайындықты тиімді ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2004 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында " Орталық-Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламентарийлерінің кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, Алматы облысы мен Алматы қаласының әкімдері, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) "Орталық-Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламентарийлерінің кездесуін өткізуге арналған шығыстарды 2004 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Жоспардың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 4 мамырдағы
N 129 өкімімен
бекітілген

## 2004 жылғы 4-6 мамырда Алматы қаласында "Орталық-Азия Ынтымақтастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламентарийлерінің кездесуін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар Жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Ресми делегацияларды (1+11), бірге жүретін адамдарды (10 адамға дейін) Алматы қаласы әуежайының VIP-залы арқылы күтіп алуды және шығарып салуды, сондай-ақ шай дастарханын ұйымдастыру | 2004 жылғы 4 мамырға дейін | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі, Алматы облысының әкімі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Республикалық ұлан (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі (келісім бойынша), Кедендік бақылау агенттігі |
| 2 | Алматы қаласының әуежайын жалаулармен және транспо. ранттармен безендіру | 2004 жылғы 4 мамыр | Алматы қаласының әкімі, Сыртқы істер министрлігі |
| 3 | Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республика. сының делегацияларын тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы ұшақтардың Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін қамтамасыз ету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қорғаныс министрлігі, Сыртқы істер министрлігі |
| 4 | Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республика. сының делегацияларын тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсетуді және жанармай құюды қамтамасыз ету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | Делегациялар мүшелерін тамақтандыруды ұйымдастыру және оларға көліктік қызмет көрсету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |
| 6 | Қазақстан Республикасы Жол полициясының автомобильдері. мен жүретін бағыттар бойынша алып жүру | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 7 | Күзетілетін адамдар мен делегациялардың әуежайда, жүретін бағыттары бойынша, іс-шаралар өткізілетін және тұратын орындарында (бағдарлама бойынша) қауіп. сіздігін қамтамасыз ету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 8 | Ресми делегациялардың мүшелеріне медициналық қызмет көрсету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Денсаулық сақтау министрлігі, Алматы қаласы. ның әкімі, Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |
| 9 | Делегациялар басшыларын, делегациялар мүшелері, бірге жүретін адамдарды, баспасөзді және күзетті Алматы қаласының қонақ үйлерінде және қонақ резиденцияларында орналастыруды ұйымдастыру | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |
| 10 | "Орталық-Азия Ынтымақ. тастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламента. рийлерінің кездесуін ұйымдастыру үшін үй-жай. ларды жабдықтау (ұйымдастыру техникасымен, телефонбайла. нысымен, кеңсе тауарларымен жарақтандыру және т.б.); | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | залды техникалық безендіру (мемлекеттік жалаулар, үстелге қойылатын маңдайша. лар мен жалаушалар, гүлдер, микрофондар) | | |
| 11 | Делегациялар мүшелеріне, бірге жүретін адамдарға, баспасөзге және күзетші. лерге бейджкдер дайындау | 2004 жылғы 4 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша), Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша) |
| 12 | "Орталық-Азия Ынтымақ. тастығы" ұйымына мүше мемлекеттер парламента. рийлерінің қатысуымен баспасөз конференциясын өткізу, БАҚ-та жариялау (шақыру, пулдар және т.б.), жалпы суретке түсіру | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Баспасөз қызметі (келісім бойынша), Ақпарат министрлігі |
| 13 | Қазақстан Республикасы Парламентінің атынан ресми қабылдау ұйымдастыру: 1) делегациялар - басшы. лары үшін (қабылдауды өткізетін орынды анықтау және безендіру, орындауға отырғызу, делегациялар үшін квоталарды келісу, ас мәзірін дайындау, концерттік бағдарлама); 2) бірге жүретін адамдар үшін; 3) БАҚ үшін | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша), Мәдениет министрлігі, Ақпарат министрлігі, Алматы қаласы. ның әкімі, Алматы облысының әкімі, Сыртқы істер министрлігі |
| 14 | Ресми делегациялар басшылары мен мүшелеріне арналған мәдени бағдарлама ұйымдастыру | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Мәдениет министрлігі, Ақпарат министрлігі, Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | бойынша), Алматы қаласының әкімі, Алматы облысының әкімі, Сыртқы істер министрлігі |
| 15 | Делегациялардың басшылары үшін сыйлық жиынтықтарын сатып алу, сондай-ақ бағдарламалар мен басқа да баспа өнімдерін дайындау | 2004 жылғы 4 мамырға дейін | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |
| 16 | Делегацияларға бекітілген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі нің қызметкерлерін ұялы байланыс құралдарымен қамтамасыз ету | 2004 жылғы 4-6 мамыр | Парламенттің Шаруашылық басқармасы (келісім бойынша) |

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК